

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 377 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 5345 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 65 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 05.03.2021 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес Келес ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Келес ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 ақпандағы № 69 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4917 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 06 наурыздағы "Келес келбеті" газетінде және 2019 жылғы 11 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Келес ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Келес ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Сексенбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келес ауданының әкімі

А. Есбаев

Келес ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 377 қаулысына
қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

| № | Ұйымның атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Квотаның мөлшері (%) | Жұмыс орындарының саны (адам) |
|---|--|-------------------------------------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Абай" Келес аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 1385 | 4 | 55 |
| 2 | "Келес ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 70 | 2 | 1 |
| 3 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 7 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 126 | 3 | 4 |
| 4 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 201 | 3 | 6 |
| 5 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 23 "1 Мамыр жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 110 | 3 | 3 |
| 6 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 147 | 3 | 4 |
| 7 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№35 А.Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 67 | 2 | 1 |
| 8 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 9 "Көлтоған" жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 106 | 3 | 3 |